**Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 қазан N 1126

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне жарты жыл мен жыл қорытындылары бойынша осы Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынып отырсын. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 914 қаулысымен .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысымен бекітілген

## Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы

Астана 2002 ж.

### 1. Паспорты

Атауы Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасы.

Әзірлеу үшін негіз "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 470 қаулысы.

Негізгі әзірлеушілер Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі.

Іске асыру мерзімдері 2002-2004 жылдар.

Бағдарламаның мақсаты Мемлекеттің, табиғи монополиялар субъектілерінің және олардың қызметтерін тұтынушылардың мүдделерінің балансына қол жеткізуге бағытталған орташа мерзімді негіздегі тарифтік саясатты қалыптастыру; табиғи монополия секторына инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау; монополиялардың қызметін мемлекеттік бақылау шараларын кеңейту.

Бағдарламаның міндеттері Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін халықаралық көзқарастарға негізделген нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.
Ішкі және сыртқы факторлардың өзгеруіне бара-бар ден қоюды қоса алғанда, табиғи монополия саласын реттеу әдіснамасын жасау және жетілдіру.
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту.
Табиғи монополиялардың өндірісін жаңартуға және олар ұсынатын қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасын арттыруға инвестицияларды тарту мақсатында орта мерзімді кезең ішінде табиғи монополиялар қызметтерінің тарифтері орташа деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету.
Табиғи монополиялардың олардың тұтынушыларына әсерін талдау үшін ақпараттық дерекқор құру және ғылыми зерттеулер жүргізу.
Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді тұтынушылардың топтары бойынша негізсіз саралауды қолдану практикасын жою.

| | |
|---|---|
| Күтілетін нәтижелер | Тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдау.<br>Табиғи монополиялар саласындағы экономиканы мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіретін әдіснамалық көзқарастарды әзірлеу.<br>Табиғи монополиялар субъектілерінің өндірісін жаңартуды инвестициялау үшін жағдайларды қамтамасыз ету.<br>Өндірісті жаңғырту және нормативтен жоғары ысырапты азайту есебінен ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру.<br>Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерін өзгертудің олардың тұтынушыларына әсерін талдауға мүмкіндік беретін әдістемелер мен бағдарламалық өнімдерді әзірлеу.<br>Табиғи монополиялар қызметі саласының мониторингі жүйесін құру.<br>Табиғи монополия субъектілері қызметтерінің тарифтерін тұтынушылардың топтары бойынша негізсіз саралауды жою. |
| Қаржыландырудың қажетті ресурстары мен көздері | 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламаның құны 992,188 млн. теңге мөлшерінде бағаланады. Қаржыландыру тек республикалық бюджет қаражатынан жүргізілетін болады. 2002 жылы нормативтік құқықтық базаны әзірлеуге және жетілдіруге консультанттар тартуға республикалық бюджеттен 17,1 млн. теңге сомасында қаражат бөлінді. Бағдарлама 2003-2004 жылдары 975,088 млн. теңге мөлшеріндегі, оның ішінде 2003 жылы - 435,362 млн. теңге мөлшеріндегі, ал 2004 жылы - 539,726 млн. теңге шығындарды талап етеді. |

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен
.

## 2. КІРІСПЕ

Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 28 наурыздағы N 827 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын орындау үшін әзірленді. Осы Бағдарламаны құрудың практикалық негізі ұлттық экономика мен Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи монополия субъектілерінің қазіргі жай-күйі болып табылады.

"Шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың өнімдеріне бағаны реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 қаулысының шығуы табиғи монополия саласын реттеу негізін салды. Осылайша, атап айтқанда, бағаларды тоқсанында бір реттен жиі қайта қарауға тыйым салынды. Монополиялық жоғарғы пайда деңгейіне бақылау белгіленді. Табиғи монополист-кәсіпорындар жанындағы негізгі қызметті қайталайтын құрылымдар таратылды. Осы шаралар табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтердің өсу қарқындарын баяулатуға және жалпы алғанда, экономиканың жағдайын сартуға мүмкіндік берді. 1995-1997 жылдары азық-түлік тауарларына бағаларды реттеу алынып тасталды. Монополистердің пайдалылық деңгейін реттеу тоқтатылды. Сол уақыттан бері мемлекеттің бәсекелестік-нарықтық реттеуді кеңейтуге бағытталған белсенді қызметі нақты экономиканың барлық секторларында ауқымды сипат, ол республиканың қаржылық жағдайын тұрақтандыруға жәрдемдесті.

Республика экономикасының, өтпелі кезеңнің аяқталғаны туралы сөз етуге болатын қазіргі даму кезеңінде мемлекетке экономикалық реформалаудың жаңа тетіктерін іске қосу қажет: отандық экономиканы дамыту басымдықтарын айқындау; өнеркәсіп инфрақұрылымы мен халықтың негізгі бөлігін жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау және т.б. Осы жағдайларда негізгі міндеттердің бірі экономиканың нақты секторының өсуіне, экономикалық байланыстарды дамытуға, өндіргіш күштерді оңтайлы орналастыруға, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесетін жалпы экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған, табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тариф түзудің тиімді жүйесін құру болуы тиіс.

## 3. ПРОБЛЕМАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

### 1. ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫҢ САЛАЛАРЫН РЕТТЕУДІ ТАЛДАУ

#### 1) ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР САЛАСЫН РЕТТЕЙТІН ҚОЛДАНЫЛЫП ЖҮРГЕН ЗАҢНАМА

1997-1999 жылдары экономиканың салыстырмалы тұрақтану кезеңі табиғи монополияларды бағалық реттеудің қолданылып отырған әдіснамасының негізін қайта қарауға, оны осы заманғы деңгейге шығаруға мүмкіндік берді. Бұл мемлекеттің экономикалық стратегиясының ережелерін, техникалық ерекшеліктері мен қылмыстық іс жүргізу нормаларын олардың сақталуын қамтамасыз ететін тетіктермен біріктіруге құрылған ұлттық монополияға қарсы заңнаманың негізгі пакетін қалыптастырумен бір

мезгілде болды. Бұл ретте халықаралық нормалар мен дамыған елдердің тәжірибесін есептеуге үлкен мән берілді.

Заң базасын кеңейту мен рынок құрылымдарын өзгерту табиғи монополия саласындағы болып жатқан процестерге, іздестіруге, баға және монополияға қарсы саясаттың жаңа аспектілерін әзірлеуге бақылауды күшейтудің қажеттігін бірінші жоспарға шығарды.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес монополисті қызмет заңнамамен реттеледі және шектеледі, теріс пиғылды бәсекеге тыйым салынады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес бәсекені шектеуге, негізсіз артықшылықтарды алуға, тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге бағытталған монополисті қызметке жол берілмейді. Көрсетілген нормативтік құқықтық кесімдерді іске асыру мақсатында табиғи монополиялар саласын және тауар рыноктарындағы бәсекені қорғауды реттейтін заңдар (" Табиғи монополиялар туралы", " Бәсеке және монополисті қызметті шектеу туралы", " Теріс пиғылды бәсеке туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары) әзірленген болатын.

1998 жылы қабылданған "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасында табиғи монополиялардың қызметі мемлекет реттеудің құқықтық аспектілерін заңды түрде бекіте отырып, тұтынушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған монополияға қарсы заңнаманы реформалаудың жаңа кезеңі болды.

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау - мемлекеттік монополияға қарсы саясаттың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі. Мемлекет саясатының осы бағыты "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы", " Теріс пиғылды бәсеке туралы" және " Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" заңдармен реттеледі.

Қолданылып жүрген монополияға қарсы заңнаманың ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті айқындау бөлігінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне тиісті өзгерістер енгізілді.

**2) ТАРИФ ТҮЗУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ БАЗАСЫ**

Тариф түзудің қолданылып жүрген әдіснамасының құқықтық негізі:

табиғи монополия субъектілерінің қызметтерді өндіруі мен ұсынуына бағаларды ( тарифтерді) есептеу кезінде ескерілетін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін;

табиғи монополия субъектілерінің тендер негізінде ресурстарды сатып алу ережесін ;

табиғи монополия субъектілерінің тауарларына, жұмыстарына, қызметтеріне бағаларды (тарифтерді) ұсыну, қарау, бекіту және енгізу тәртібін анықтайтын заңға тәуелді кесімдер болып табылады.

Тариф түзудің көрсетілген кесімдерде салынған негізгі қағидаты табиғи

монополиялар субъектілері қызметтерінің тарифтері қызметтерді көрсету үшін қажетті шығындардың құнынан төмен болмауға тиіс екенін айқындайды. Қазіргі тариф түзу әдіснамасы шығындық қағидатты білдіреді және табиғи монополияларды оларды азайтуға ынталандырмайды. Табиғи монополиялар субъектілері тиімді немесе тиімсіз жұмыс жасайтынына қарамастан, белгіленген тәртіпке сәйкес барлық шығындар тарифке енгізіледі. Демек, әлеуметтік салдарларға жол бермеу үшін тарифтердің өсуін тежеу шығындардың тиімділігін бақылау есебінен емес, жоспарланатын шығындарды мәжбүрлі түрде қысқарту және пайданы азайту есебінен жүзеге асырылады. Қалыптасқан жағдай табиғи монополия саласына инвестиция жұмсауды ынталандырмайды.

Осыған байланысты табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеуге қатысты бұрынғы көзқарастарды қайта қарау қажеттігі өткір туындап отыр.

### 3) ТАРИФТЕРДІ ӨЗГЕРТУДІҢ ҚАЗІРГІ РӘСІМІ

Табиғи монополиялар субъектілері қызметтерінің тарифтері тоқсанына бір реттен жиі емес қайта қаралуы мүмкін. Қызметтердің тарифтерін өзгерту үшін табиғи монополия субъектісі жаңа тариф қолданысқа енгізілуі мүмкін келесі тоқсанның бірінші күніне дейінгі 45 күннен кешіктірмей өтініммен жүгінуге тиіс. Реттеуші орган негіздеме материалдары бар өтінімді 30 күн ішінде қарайды.

Практикада көптеген табиғи монополиялар субъектілері тоқсан сайын тек шұғыл деректердің негізінде жасалатын (салық және монополияға қарсы заңнама бойынша қаржылық есептілік мерзімдерінің сәйкес келмеуінен) тарифтерді көтеруге арналған өтінімдермен жүгінеді.

Табиғи монополиялар субъектілерінің қолданылып жүрген тарифтерді өзгертуге берген өтінімдерін қабылдаудың және караудың қазіргі рәсімі реттеуші органның ұсынылған материалдарды жан-жақты қарау, тәуелсіз сарапшылардан қорытынды алу және, ең бастысы, қабылданған шешімдердің субъектінің өзі мен оның тұтынушыларына мүмкін әсерін бағалау мүмкіндіктерін шектейді.

## 2. ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР САЛАЛАРЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Қазіргі уақытта елімізде Табиғи монополиялар субъектілері мемлекеттік тіркелімінің республикалық және жергілікті бөлімдеріне енгізілген 690 табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі реттеледі (барлығы 1012 қызмет реттеледі).

Табиғи монополиялар субъектілерінің жай-күйін талдау салалық тиесілілігіне қарамастан, олардың қызметі проблемаларының ортақтығы туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Көптеген субъектілер, әсіресе электр энергиясын, газды және суды өндіру мен бөлу жөніндегі кәсіпорындар, іс жүзінде залалды болып табылады: 2001 жылы осындай кәсіпорындардың саладағы үлестік салмағы 53,7%-ті құрады. Жекелеген кәсіпорындарда теріс кірістік байқалып отыр, ол су шаруашылығы жүйесінің

кәсіпорындарына тән. Алайда, кейбір кәсіпорындар пайдалы жұмыс жасағанымен, олардың көбісінің кірістілігі төмен болып отыр - 5%-тен артық емес (мысалы: 2001 жылы "Қазпочта" ААҚ, "KEGOC" ААҚ).

Табиғи монополияларға жұмсалатын күрделі салымдары көлемдерінің үлкен бөлігі кәсіпорындардың меншікті қаражатының есебінен қаржыландырылатынына байланысты көптеген кәсіпорындардың басқа мүмкіндіктері шектеулі: амортизациялық аударымдар мен таза пайда (салық төлегеннен кейінгі) жеткіліксіз. Пайдадан әртүрлі аударымдарды ескергенде, инвестицияларды жүзеге асыру мен өндірісті дамыту үшін кәсіпорындарда қалатын кіріс бөлігі едәуір азаяды.

Нәтижесінде негізгі қорларды жаңарту коэффициенттерінің серпіні өткен жылдары төмен болып қалғандықтан, негізгі қорлардың істен шығу коэффициенттері осы жылдары өсіп отыр. Анықталған үрдістер, тұтастай алғанда, табиғи монополиялардың пайдаланылатын өндірістік қорларын жаңарту дәрежесінің төмен екенін куәландырып отыр.

Көптеген кәсіпорындар үшін өтімділіктің төмен коэффиценті тән. Есептеулер олардағы, кәсіпорындардың жоғары өтімді активтерінің қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы ретінде айқындалатын дереу өтімділік коэффициенттерінің төмен қалпында қалып отырғанын көрсетіп отыр, бұл оларды төлемге қабілетсіз немесе берешегін өтеумен байланысты проблемалары бар кәсіпорындар ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген дәлелдерді табиғи монополиялардың жекелеген кәсіпорындарының инвестициялар үшін қаражат тапшылығын көріп отырғаны туралы қорытындылар растайды. Оларды кредиттерді тарту есебінен толықтыру төлемге қабілеттілігінің төмен болуына орай мүмкін болмай отыр.

Сонымен бірге негізгі қорларды жаңарту экономикалық өсудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Олардың көлеміне, сапалы сипаттамаларына, кеңейту және жаңарту стратегиясына, пайдалану тиімділігіне, сайып келгенде, экономикалық өсу мен тұрақты даму тәуелді.

Қазақстан басқа да ТМД елдері сияқты 2000 жылдарға техникалық ескірген негізгі қорлармен қадам басты. Материалдық өндірісте пайдаланылған жабдықтардың орташа қызмет мерзімі нормативтік мерзімнен жоғары, кей жағдайларда тіпті елеулі түрде жоғары. Республиканың экономикасында реформаларды жүзеге асырған жылдары, негізінен, "қайта құруға дейінгі", моральдық жағынан ескірген және табиғи тозған техника пайдаланылды.

Негізгі құралдардың тозу дәрежесі экономиканың барлық салаларында машиналар мен жабдықтардың, көлік құралдарының табиғи тозуы орташа алғанда шамамен 50%-ті құрағанын дәлелдейді. Сондай-ақ осы көрсеткіш жекелеген табиғи монополиялар субъектілерінде де жоғары. Мысалы, электр энергиясын беруді және бөлуді жүзеге асыратын "Қалалық электр жүйелері" ЖШС ("Астанаэнергосервис" ААҚ) 2001 жылы

шамамен 50% тозу дәрежесіне ие болды.

Негізгі қорлардың салыстырмалы жоғары тозу дәрежесі "Қазақстан темір жолы" ҰК " ЖАҚ-қа (60%-тен жоғары), "Павлодарэнергосервис" ЖАҚ-қа (шамамен 50%), " Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ (40%-ке дейін), "АӨК" ЖАҚ (31%-ке дейін), "KEGOC" ААҚ-қа (26%-ке дейін) және басқаларға тән. Техникалық жаңғыртуға елеулі қаражат жұмсаған Ақтау теңіз сауда порты, "ҚазТрансОйл" ЖАҚ, Астана қаласының Халықаралық әуежайы мен "Қазаэронавигация" РМК сияқты субъектілер бұлардың қатарына кірмейді.

Статистикалық деректер бойынша көптеген табиғи монополияларға негізгі қорларды жаңартудың төмен қарқындары тән. Демек, мысалы, "Интергаз Орталық Азия" ЖАҚ 0,3% жаңарту коэффициентіне ие. Тұтастай алғанда, 1995-1998 жылдары негізгі қорларды жаңарту коэффициенті 1,5 есе азайды, ал істен шығу коэффициенті өзгерген жоқ. 1998-2001 жылдары жаңарту коэффициенті ұлғаю үрдісіне ие болды, алайда пайдаланылып отырған техника мен технологияны толық жаңарту жөнінде айту ерте.

Осылайша, қазіргі жабдықтардың функционалдық және экономикалық ескіру фактісі айдан анық. Техникалық ескірген және тозған машиналар паркі мен жабдықтарды пайдалану іс жүзінде экономиканың табиғи монополиялар қатысатын барлық салаларында ұсынылатын қызметтерді өндіру тиімділігінің кемуіне және сапасының төмендеуіне әкелді.

## 3. ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ТАЛДАУЫ

Тұтынушылардың жай-күйін талдаудың негізгі мақсаты оларға табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтердің деңгейін өзгертудің әсерін бағалауға негізделген.

Түпкілікті тұтынушылар екі үлкен санатқа топталады:

заңды тұлғалар;

жеке тұлғалар (халық).

Әрбір табиғи монополия субъектісі үшін қызметтерді тұтынушыларды сыныптау ( топтау) және тұтынушылардың әр тобы үшін сұраным ауытқымасын бағалау қажет.

1-кесте

### Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін тұтынушылардың жіктемесі

```
Табиғи            !Қызметтер      !  Қызметтерді          !Тарифтің табиғи монополиялар
монопо.         !                   ! тұтынушылар        !субъектілерінің қызметтерін
лиялар          !                 !                       !тұтынушы өнімінің құнына
субъекті.        !               !                        !әсері
лері   !    !     !
```

| | | | |
|---|---|---|---|
| Темір жол көлігі | Темір жол магистраль. дарын пайдалану | Өнеркәсіп кәсіп. орындары; басқа заңды тұлғалар; | Темір жол көлігінің тарифі өнімнің құнына көліктің құрамдас бөлігі ретінде кіреді |
| Құбыр мен тасымалдау көлігі | Мұнайды магистраль. ды құбырлар арқылы тасымалдау | Өнеркәсіп кәсіп. орындары; басқа заңды тұлғалар; | Тариф өнеркәсіп кәсіпорындары. ның өндірістік шығыстарына мұнай өнімдері құнының құрам. дас бөлігі ретінде кіреді |
| | Табиғи газды бөлуші құбырлар арқылы тасымалдау | Өнеркәсіп кәсіп. орындары; басқа заңды тұлғалар; тұрғын үй-ком. муналдық шаруа. шылықтары | Тариф өнімнің құнына тасымал. даудың құрамдас бөлігі ретінде кіреді |
| | Табиғи газды магист. ральды құбырлар арқылы тасымалдау | Өнеркәсіп кәсіп. орындары; басқа заңды тұлғалар; тұрғын үй-ком. муналдық шаруа. шылықтары | Тариф өнімнің құнына тасымал. даудың құрамдас бөлігі ретінде кіреді |
| | Суды магистраль. ды және бөлуші құбырлар арқылы тасымалдау | Өнеркәсіп кәсіп. орындары; басқа заңды тұлғалар; халық | Тариф өнімнің құнына тасымал. даудың құрамдас бөлігі ретінде кіреді |
| Телекоммуни. кация | Жергілікті желілерді пайдалана отырып, көрсетілетін | Өнеркәсіп кәсіп. орындары; басқа заңды тұлғалар; халық | Тариф тұтынушылардың шығыстарына кезең шығыстары ретінде кіреді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | телекоммуникация қызметтері | | |
| Аэронавигация | Аэронавигацияның қызметтері | Әуетасымалдаушылар; басқа заңды тұлғалар; | Тариф әуетасымалдау құнына кіреді |
| Әуежайлар | Әуежайлардың қызметтері | Әуетасымалдаушылар; басқа заңды тұлғалар; | Тариф әуетасымалдау құнына кіреді |
| Айлақтар | Айлақтардың қызметтері | Өнеркәсіп кәсіпорындары; басқа заңды тұлғалар; | Тариф теңіз көлігімен тасымалдаудың құнына кіреді |
| Почта байланысы | Почта байланысының қызметтері | Өнеркәсіп кәсіпорындары; басқа заңды тұлғалар; халық | Тариф кәсіпорын шығыстарының жүк құжатына енгізіледі |
| Электр энергетикасы | Электр және жылу энергиясын беру мен бөлу | Өнеркәсіп кәсіпорындары; басқа заңды тұлғалар; халық | Тариф өнімнің өзіндік құнына кезеңнің шығыстары ретінде енгізіледі |
| Сумен жабдықтау | Су шаруашылығы және кәріз жүйелерінің қызметтері | Өнеркәсіп кәсіпорындары; басқа заңды тұлғалар; халық | Тариф өнімнің құнына енгізілуі немесе кезең шығыстары ретінде ескерілуі мүмкін |

Талдау жүргізу кезінде әзірше әлеуметтік жағынан толық қорғалмаған халық сияқты тұтынушылар санатына баса көңіл аудару қажет.

Бірінші кезекте, бұл тұрғын үй-коммуналдық саланың табиғи монополияларының қызметтерін тұтынуға қатысты. Бүгін көптеген коммуналдық кәсіпорындардың қызметі халық тарапынан "жағымсыз бағаға" ие, ол БАҚ-тағы көптеген жарияланымдармен расталады.

Қалыптасқан жағдайдың негізгі себебі - бұл осы кәсіпорындардың қызметтері құнының көрсетілетін қызметтердің сапасы төмен бола тұра, халық табысының орташа деңгейіне жоғары қатынасы.

Осылайша, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығыстар деңгейінің халықтың адам басына шаққандағы айлық ақшалай табысына арақатынастағы бағасы шамамен 30%-ті құрайды.

Сонымен бір мезгілде 2001 жылы республикада халықтың 28%-тен астамының табысы күнкөріс деңгейінен төмен болды. Табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың неғұрлым үлкен үлесі 2001 жылы Жамбыл (48,4%), Маңғыстау (46,2%) және Оңтүстік Қазақстан (38,4%) облыстарына тиесілі болды.

Қазақстанның аймақтары бойынша табыстардың деңгейінде аса елеулі айырмашылықтар бар. 2001 жылы атаулы ақшалай табыстың аймақаралық саралау коэффициенті 4,9%-ті құрады (2000 ж. - 5,0%). Бұл ретте тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге төленетін ақы алынған зейнетақының үштен бірінен асады, бірқатар облыстарда жартысына жуық.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, тарифтік саясатты жүргізу халықты әлеуметтік қорғау бағдарламаларының орындалуын бақылауды күшейтуге және халықтың аз қамтылған жіктерін қолдаудың қосымша тәсілдерін іздестіруге негізделуі тиіс.

## 4. ТАРИФТІК РЕТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Экономиканың қазіргі даму кезеңінде табиғи монополия саласының барлық қатысушыларының: табиғи монополия субъектісінің өзінің, оның қызметтерін тұтынушылардың және мемлекеттің мүдделерін ескеру қажет.

Реттеуші органның негізгі функциясы мемлекеттің басымдықты мақсаттарына және тұтынушы мен өндіруші мүдделерінің тиісті балансына қол жеткізуге жәрдемдесетін тарифтердің оңтайлы деңгейін айқындау болып табылуға тиіс. Сондықтан табиғи монополияларды реттеудің қазіргі моделі мемлекеттік әсер ету құралдарымен күшейтілуге тиіс, олардың арақатынасы шешілетін экономикалық міндеттер мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық жай-күйіне тәуелді болуға тиіс.

Мүдделер балансын айқындау міндетінің күрделілігі табиғи монополия саласына қатысушылар мүдделерінің қарама-қайшылығына негізделген:

тұтынушы табиғи монополия субъектісі қызметтерінің сапасына, төмен бағасына және сенімділігіне мүдделі;

монополист пайданы ұлғайтуға, өндірістің тиімділігін арттыруға және тарифтердің негізсіз сараланымын қолдану практикасын жоюға мүдделі;

мемлекеттің мүдделеріне барлық қатысушыларды дамыту үшін жағдайлар жасау сәйкес келеді.

---

Табиғи монополиялар қызметтеріне шекті жоғарғы тариф -

Тұтынушы үшін сыни (бұл жағдайда тұтынушы табиғи монополиялар.
дың қызметтерін пайдалануға шамасыз)
Т а б . / \ ( 5 - ш і а й м а қ )
иғи !______________________________________________ (Қа.
моно.!Табиғи монополиялар қызметтеріне жоғары тариф (бұл жағдайда ты.
полия!табиғи монополиялар қызметтеріне жоғары шығындарға орай су.
су. !тұтынушының төлемге қабілеттілігі төмендейді) шы.
бъек.!(4-ші аймақ) лар.
ті. !______________________________________________ /дың
лері ! !(Тұтынушылардың табиғи монополиялар / мүд.
қыз. ! !субъектілерінің қызметтеріне тарифті/ де.
мет. ! ! төмендетуге ұмтылысы) лері
т е р і . ! \ ! / б а .
н і ң ! / л а н .
тар. ! Бұл аймақта табиғи монополиялар қызметтеріне тарифтің сы.
иф. !------------------------------------------------------------ның
тері !мүдделердің балансына сәйкес мәнін табу қажет. сы.
д е ң . ! з ы .
г е й . ! ғ ы )
інің ! \ (Табиғи монополиялар субъектілері.
өсуі ! /!\ нің тарифті көтеруге ұмтылысы)
! ( 3 - ш і а й м а қ ) !
!__________________________!_____________________________________
!Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне төмен
тариф (бұл жағдайда табиғи монополиялар өздерінің негізгі
қорларын толыққанды жаңарта алмайды)
( 2 - ш і а й м а қ )
_______________________________________________________
Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне шекті
төмен тариф (бұл жағдайда табиғи монополиялар пайдалану
шығындарының орнын толтыра алмайды)
( 1 - ш і а й м а қ )
_______________________________________________________

1-сурет. Тарифтер деңгейінің монополия рыногына қатысушылардың қаржы-экономикалық жағдайына әсері

Тарифтердің оңтайлы деңгейін айқындау үшін табиғи монополиялар саласына қатысушылардың жай-күйін, мүмкіндіктерін, даму перспективалары мен жоспарларын зерделеу және мониторинг жүргізу қажет. Осы мақсаттарда барлық осы қызмет саласына қатысушылардың мүдделерін ескеретін жаңа әдістер мен құралдарды әзірлеу

қажет.

Осы контексте табиғи монополиялар саласындағы қазіргі тарифтік саясатты жетілдіру үшін:

тарифтік саясаттың әдіснамасын жетілдіру;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін және жай-күйін мониторингілеу жүйесін әзірлеу;

табиғи монополиялардың қызметтерін тұтынушылардың сұраным көлеміне талдау жүргізу;

мемлекеттің макроэкономикалық мақсаттары мен мүдделер балансы тұрғысында есептелген тарифтердің объективтілігін бақылау әдістерін (тарифтер деңгейінің экономиканың басқа салаларына және халыққа әсерін есептеуге арналған құралдарды) әзірлеу қажет.

## 4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Бағдарламаның мақсаты мемлекеттің, табиғи монополиялар субъектілерінің және олардың қызметтерін тұтынушылардың мүдделер балансына қол жеткізуге бағытталған орташа мерзімді негіздегі тарифтік саясатты қалыптастыру; табиғи монополия секторына инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау; монополиялардың қызметін мемлекеттік бақылау шараларын кеңейту болып табылады. <*>

Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен .

### 2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Еліміздің экономикасының даму мақсаттарына және орташа мерзімді басымдықтарына қол жеткізу табиғи монополиялар субъектілерінің теңгерімді және тұрақты жұмыс істеуін, сапаны көтеру, өзіндік құнды кеміту және ұзақ мерзімді перспективада олардың қызметтеріне тарифтер деңгейін тұрақтандыру мақсатында кәсіпорындарды жаңғырту үшін инвестициялардың ағынын талап етеді.

Бағдарламаның басымдықты міндеттері ретінде:

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін, халықаралық жолдарға негізделген нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

ішкі және сыртқы факторлардың өзгеруіне баламалы ден қоюды қоса алғанда, табиғи монополия саласын реттеу әдіснамасын жасау және оны жетілдіру;

тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту;

табиғи монополиялардың өндірісін жаңарту және олар ұсынатын қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасын арттыру үшін инвестицияларды тарту мақсатында табиғи монополиялар қызметтеріне тарифтердің орташа деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;

табиғи монополиялардың олардың тұтынушыларына әсерін талдау үшін ақпараттық деректқор құру және ғылыми зерттеулер жүргізу;

табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтердің тұтынушылардың топтары бойынша негізсіз сараланымын қолдану практикасын жою айқындалған.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТЕТІКТЕРІ

### 1. ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ РЕТТЕЙТІН ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында көрсетілген Қазақстан Республикасының экономикалық өсуінің ұзақ мерзімді басымдығының негізгі қағидаттарының бірі бәсекені өркениетті шеңберлерде дамыту, қоғам үшін қауіпті монополизм көріністерінің жолын кесу, бәсекелі күрестің теріс пиғылды әдістерін алып тастау, мемлекеттік реттеу қажет салаларды айқындау болып табылады.

Нарықтың экономикалық жай-күйінің өзгерістері табиғи монополиялардың қызметін реттеу мәселелері жөндеу заңнамалық кесімдерді жетілдіруді талап етеді.

Қолданыстағы заңнамада мемлекеттің, тұтынушылар мен меншік иелерінің арасындағы табиғи монополия субъектілерінің мүліктік кешендерін монополиясыздандыру және жекешелендіру, табиғи монополиялардың қызметімен технологиялық байланысты салаларда бәсекелік рыноктардың туындау процестеріне негізделген жаңа қатынастарды реттейтін нормалардың болмауы қызметтерге тарифтердің негізсіз көтерілуіне әкеледі. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының бірнеше жыл қолданылуы ішінде оны қолдану практикасы заңнамалық деңгейде ғана шешілуі мүмкін көптеген реттелмеген проблемалардың бар екенін көрсетті.

Табиғи монополиялар субъектілері саласындағы істердің қазіргі жағдайы монополияға қарсы заңнаманы мынадай бағыттарда дамытуды талап етеді:

1) табиғи монополия саласына жататын қызмет түрлерінің санын кеңейту қажет. Атап айтқанда, бұл - энергия жылу энергиясын жылыту қазандықтарында және станцияларда құрамдастырылған өндіріспен өндіру, сондай-ақ кірме жолдардың бәсекелестік жоқ саладағы қызметтері.

2) табиғи монополия субъектілерінің қызметін шектеу тұжырымдамасын өзгерту қажет. Қолданылып жүрген заңнамадағы қатаң шектеулер көбінесе көптеген табиғи монополия субъектілері қызметінің республикалық ауқымдағы кеп бейінді компаниялар не әлеуметтік сипаттағы себептерге орай өзге қызметпен айналысуға мәжбүр компаниялар ретіндегі өзіндік ерекшелігін ескермейді. Осылайша, қолданылып жүрген заңнаманың нормаларын бұлжытпай орындау талабы тарифтердің өсуі мен әлеуметтік қауырттылыққа әкеледі, шектеулерді шартсыз тыйымдарға және уәкілетті органның келісімі бойынша әрі оның бақылауымен жүзеге асырылатын әрекеттерге бөлу, рұқсат етілген қызмет түрлерін, сондай-ақ осы рұқсаттың өлшемдерін анық көрсету ұсынылып отыр. Бұдан басқа, табиғи монополия саласына жататын, қызметі елеусіз және профильді емес болып табылатын рынок субъектілері үшін жалпы реттеу

тәртібінен айрықшалықтар енгізілді.

3) табиғи монополия саласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін олардың қызметінің тұтынушылар мен уәкілетті орган үшін ашықтығын қамтамасыз ету жолымен күшейту ұйғарылып отыр. Осы мақсаттарда заңнамада:

жария тыңдалымдар рәсімдерін енгізуді;

табиғи монополия субъектісінің аудит жүргізу және аудиторлық есептілікті жариялау, табиғи монополия саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның қаржылық және техникалық сараптаманы тұрақты жүргізуі жөніндегі міндеттерін нақтылауды; <*>

тарифтік сметаларды тиісті дәрежеде орындау, коммуналдық қызметтерді есептеу аспаптарын сатып алуды және орнатуды;

уәкілетті органның табиғи монополия субъектісіне қайта ұйымдастырудың жүргізілуін және оның акцияларының сатып алынуын, оның негізгі қаражатпен мәміле жасасуына нақты бақылау жасауды көздеу жоспарланып отыр.

Бұл ретте тұтынушы тарифтік сметалардың атқарылуы туралы ақпаратты алуға; жария тыңдалымдарға қатысуға; тарифтерді негіздеу үшін пайдаланылатын ақпаратпен (заңмен қорғалатын құпияны қамтитын ақпараттан басқа) танысуға құқылы болады.

4) табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді 3 айдан 6 айға дейін қайта қарай алмаса, мерзімді ұзарту қажет, ал өтінімді қарау кезеңі 30 күннен 60 күнге дейін.

Бұдан басқа, жалпы заң шығармашылығы практикасына сәйкес табиғи монополистердің құқықтық субъектілігі мәселелеріне қатысты барлық негізгі ережелерді заңның өзінде барынша ашылады, ал заңға тәуелді нормативтік құқықтық кесімдерде тек рәсімдік және техникалық мәселелерді ашу болжанып отыр.

Сондай-ақ Азаматтық кодекске сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуіне арналған жария үлгі шартты әзірлеу жоспарланып отыр.

"Нақты" экономикалық жағдай тұрақты қозғалыста болғандықтан, қолданылып жүрген заңнамада онымен бірге өзгеретінін ескеру қажет. Монополияға қарсы заңнама бүгінгі күнге дейін өзінің статистикалығымен ерекшеленген. Жинақталған тәжірибені ескере отырып, заңға тәуелді кесімдер мен тарифтерді есептеу әдістемелеріне түзетулер енгізу қажет болады.

5) көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) табиғи монополия саласына жатқызу мәніне қызмет түрлерінде арнайы экономикалық талдау жүргізуді көздейтін табиғи монополия субъектілерінің тариф түзуді жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізуі қажет. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен табиғи монополия саласына жатқызылған қызмет түрлерін, бірқатар жағдайларда реттелетін қызметтердің өздері кеңінен айқындайды. Табиғи монополиялар субъектілерінің көпшілігі қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) екі және одан да көп түрлерін көрсетеді, бұл ретте олардың кейбіреулері ғана реттелетінге жатады. <*>

6) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар ) түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуі ережесін әзірлеу қажет. Бөлектеп есепке алу реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтер мен тарифтік сметалар қалыптастыру кезінде ескерілетін шығындардың ашықтығы мен негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл бір қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) басқалардың есебінен тоғыспалы субсидиялау, оның ішінде шығыстардың бір бөлігін реттелмейтін қызметтерден (тауарлардан, жұмыстардан) реттелетіндерге ауыстыру тәжірибесін тоқтатуға ықпал ететін болады. <*>

Ескерту. 5-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен .

**2. ТАРИФТІК ӘДІСНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ. ТАРИФТЕРДІ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ**

**1) ТАРИФ ТҮЗУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗУ**

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтер объективті және субъективті факторлардың көп санымен айқындалады. Тарифті есептеу әдісін, төлемдерді саралау шамасын, шығындарды есептеу әдісін таңдау реттеуші органға сыртқы факторлардың өзгеруіне икемді түрде ден қоюға мүмкіндік береді.

Тариф түзудің бірнеше әдістері бар, олардың ішінде негізгілері:

шығындық әдіс;

активтердің реттелетін базасына пайда нормасын айқындау әдісі;

орташа мерзімді кезеңге тарифтердің шекті деңгейін белгілеу әдісі болып табылады.

Шығындық әдістің негізінде қызметтерді өндіру және сату шығындарын есептеу жатыр. Осы әдіс табиғи монополияларға реттелетін шығындарды, олардың тиімділігіне қарамастан, өтеу кепілдігін береді, бірақ инвестицияларды ынталандырмайды.

"Активтердің реттелетін базасына пайда" есептеу әдісі өз міндеттемелерін жабу үшін және инвестицияларды тарту үшін жеткілікті тарифтер деңгейін қамтамасыз етеді.

Орташа мерзімді кезеңге арналған тарифтердің шекті деңгейлерін белгілеу әдісі ( тарифтік сметада айқындалатын) шығындардың ұйғарынды деңгейін және (активтердің реттелетін базасының негізінде есептелетін) ұйғарынды пайда нормасын 3 жылға жорамалдайды.

Қазіргі жағдайларда активтердің реттелетін базасына (АРБ) пайда нормасын айқындау және орташа мерзімді кезеңге тарифтердің шекті деңгейін белгілеу әдістері неғұрлым үдемелі болып табылады.

Ескерту. 1)-тармақшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен .

**Активтердің реттелетін базасына пайда есептеу әдісі**

Бүгін тарифтерді құру құрылымы негізгі екі бөлімнен тұрады: шығындар плюс пайда. Тарифтің шығын бөлімін қалыптастыруға қойылатын талаптар "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Табиғи монополия субъектілері үшін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінде реттелген.

Сонымен бірге нарықтық экономика жағдайларында табиғи монополия саласын реттеудің негізі шығындардың негізделген деңгейінің орнын толтыру ғана емес, сонымен қатар табиғи монополия субъектілерінің тиімді дамуы үшін пайда белгілеу болып табылуға тиіс.

Шығыс Еуропа және Орта Азия мемлекеттерінің реттеуші органдарының Энергетикалық Қауымдастығының мүшесі болған соң, Еуропаның көптеген елдерінің: Венгрияның, Польшаның, Словакияның, Испанияның және т.б. тарифтік саясат саласында жинақтаған тәжірибесі зерделенді. Осы елдердің табиғи монополиялардың қызметтеріне тарифтер реттеу негізінде акционерлердің мүддесін ескере отырып, активтердің реттелетін базасына пайда айқындау қағидаты жатыр. Табиғи монополиялар саласын реттеудің халықаралық практикасы тартылған қарыз капиталына ғана емес, сонымен қатар меншікті (акционерлік) капиталға да сыйақы төлеуді ескереді.

Қазақстанда табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын қызметтер көлемінің 1999 жылға дейін құлдырауы өндірістік активтердің едәуір үлесін босатуға алып келді. Осылайша, су шаруашылығы саласында активтердің іске қосылуы - 40% деңгейінде, энергетика саласында 50%-60% қалыптасты. Бұл ретте көптеген табиғи монополияларда негізгі қорлардың табиғи тозуы төменгі мәннен асып кетті: мысалы, энергетика саласында - 50%-тен 60%-ке дейін, темір жол көлігі саласындағы табиғи тозу деңгейі - 60%-тен астам. Оның нәтижесінде көрсетілетін қызметтердің сапасы төмендеп және, оның салдары ретінде, нормативтен тыс ысырап өсіп отыр.

Бұдан басқа, бүгін табиғи монополиялар субъектілері тарифтерді қалыптастыру кезінде қажетті пайда деңгейін инвестициялық бағдарламалардың немесе күрделі жөндеу көлемдерінің негізінде дәлелдеп отыр. Тариф түзудің мұндай әдісі "шығындық" қағидатқа ие.

Тариф түзудің осы қағидатын қолдану табиғи монополиялардың қызметтеріне тарифтердің едәуір өсуіне алып келуі мүмкін, мысалы, су шаруашылығы жүйелерінде ескі әдісті қолдану 2003 жылы тарифтің 30%-ке өсуіне алып келеді.

**2-кесте**

**Активтердің реттелетін базасына пайда нормасының әдісін енгізудің салыстырмалы кестелері**

**Су шаруашылығы жүйесінің қызметтері**

| | 2002 ж. 2001 ж.-ға,% | 2003 ж. 2002 ж.-ға,% | 2004 ж. 2003 ж.-ға,% | 2005 ж. 2004 ж.-ға,% |
|---|---|---|---|---|
| Қолданылып жүрген әдістеме бойынша | 110,1 | 130,4 | 120,8 | 117,3 |
| АРБ-ға пайда ставкасы 15 % кезінде | - | 116,3 | 107,7 | 103,6 |

Кәріз жүйесінің қызметтері

| | 2002 ж. 2001 ж.-ға,% | 2003 ж. 2002 ж.-ға,% | 2004 ж. 2003 ж.-ға,% | 2005 ж. 2004 ж.-ға,% |
|---|---|---|---|---|
| Қолданылып жүрген әдістеме бойынша | 105,2 | 126,1 | 109,2 | 105,3 |
| АРБ-ға пайда ставкасы 15 % кезінде | - | 116,2 | 108,5 | 104,1 |

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қазіргі уақытта активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын белгілеу тәртібі жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың жобасы даярланды, ол пайданы қалыптастыруда негізгі екі қағидатты ескереді: біріншісі - активтердің іске қосылуы және екіншісі - меншік иелерінің инвестицияларды тартуға мүдделілігі.

Пайданың мөлшері іске қосылған активтердің құнына тәуелді болады, ол түпкілікті нәтижесінде табиғи монополия субъектілерінің негізгі қорларына инвестициялар тартуды ынталандыруға тиіс және ол мынадай формула бойынша айқындалатын болады:

ТПҰН = АБР*ТПС, мұндағы:

ТПҰН - таза пайданың ұйғарынды нормасы (теңге),

АРБ - іске қосылған активтердің реттелетін базасы (теңге),

ТПС - таза пайда ставкасы (%).

Іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу әдісін іс жүзінде пайдалану субъектілердің негізгі қорлардың құнын накты (нарықтық) құнға дейін қайта бағалау мүмкіндіктеріне негізделетін болады.

Пайданы айқындауда қолданылатын екінші көрсеткіш активтердің іске қосылу деңгейі сияқты пайданы есептеуді табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерді

өндіру мен көрсету кезінде активтерді пайдалануына тәуелді етеді. Бұдан басқа, экономикалық көзқарас тұрғысында осы жол пайданы айқындаудың шығындық сипатына ие емес және табиғи монополия субъектілерінің инженерлік жүйелердің тиелімін арттыруға деген ұмтылысын ескереді.

Іске қосылған активтердің реттелетін базасы табиғи монополия субъектілерінің негізгі қорларының қалдық құны мен олардың іске қосылу коэффициентінің негізінде мынадай формула бойынша есептеледі:

$$АРБ = АҚ * К_{іс},$$ мұндағы:

АҚ - активтердің нақты құны (теңге),

$К_{іс}$ іске қосылған активтердің коэффициенті.

Ұсынылып отырған жолдар іске қосылған активтерге пайда ставкасының негізінде " ҚазТрансОйл" үшін тарифтерді есептеу әдістемесін қолдану тәжірибесіне негізделген. Мұнай құбыры кәсіпорнының тарифінде көзделген пайда компанияның инвестицияларды жүзеге асыруына, техникалық қайта жарақтануына және жаңа технологияларды енгізуіне ақша салуға мүмкіндік берді. Бүгінде осы әдістемені енгізудің арқасында компания активтерінің іске қосылуы 2001 жылы 1999 жылмен салыстырғанда, 29,7%-ке өсті деп айтуға болады.

Қазіргі уақытта әзірленіп жатқан әдістемеде пайданы тек активтердің іске қосылуын ғана емес, сонымен бірге меншікті капиталға сыйақы ставкасын қоса ескеріп есептеу ұсынылып отыр.

Тариф түзудің жаңа әдісін қолдану табиғи монополиялардың әр түрлі салалары үшін пайда ставкасын айқындау кезінде сараланған жолдарға негізделетін болады.

Осылайша, су шаруашылығы жүйелері үшін пайдада технологиялық қатерді ескеру ұсынылып отыр.

Энергетика секторы үшін экономика дамуының (жалпы ішкі өнімнің) арту қарқындарының еліміз бойынша электр энергиясын тұтынудың ішкі көлемдеріне қарай өзгеру икемділігінің көрсеткіштерін ескеру ұсынылып отыр.

Су шаруашылығы жүйелеріне жылдам инвестициялардың қажеттігі мен олардың тұтыну бағаларының индексіне әсерінің шамалы үлесі 2003 жылдан бастап осы табиғи монополия субъектілері үшін іске қосылатын активтердің реттелетін базасына пайда есептеу әдістемесін енгізудің бірінші кезектілігін айқындайды. Әдістемені енгізуді 2005 жылдың соңына дейін кезең-кезеңмен және жүйелердің жай-күйі мен тарифтердің бүгінгі күнгі негізсіз сараланымын жоюды ескере отырып, аймақтар бойынша саралауды жүзеге асыру жоспарланып отыр, онда оны әзірлеу 2002 жылдың соңына дейін аяқталатын болады.

"KEGOC" ААҚ реттеуге қатысты Агенттік 2003 жылдың соңына дейін тарифтерді есептеу әдіснамасының активтердің реттелетін базасындағы пайданы есептеу бөлігіне

өзгерістер енгізу жоспарлап отыр.

Бөлуші электр желісі компаниялары үшін іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу әдістемесін енгізуді электр энергиясын кернеу сыныптары бойынша беру жөніндегі қызметтерге тарифтер есептеу әдіснамасы әзірленгеннен және ол 2003 жылы кезең-кезеңмен енгізілгеннен кейін жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұдан басқа, Қазақстанның 6 облысындағы бүгінгі күнгі электр энергиясына тарифтердің негізсіз сараланымы жойылуға тиіс.

Экономиканың көлік-коммуникация секторы саласында 2002 жылдың соңына дейін "Қазақстан темір жолы" ҰК" ЖАҚ және "Қазпочта" ААҚ үшін осы әдістемені қолдану жөніндегі қағидатты жолдарды жасау ұсынылып отыр.

**Орташа мерзімді кезеңге арналған шекті тарифтерді есептеу әдісі**

Табиғи монополиялардың саласына инвестицияларды тартудың басқа маңызды ынталандырмасы орташа мерзімді кезеңге арналған шекті тарифтерді белгілеу әдісін енгізу болып табылады.

Шекті тариф олардың шегінде табиғи монополиялар өз қызметін жүзеге асыратын тариф шеңберлерін белгілеу деп түсіндіріледі.

Шекті тарифтерді белгілеудің басты міндеті неғұрлым жеңілдікті жағдайларда ұзақ мерзімді инвестицияларды тарту, өтпелі кезең экономикасының тұрлаусыздығымен байланысты қатерлерді азайту, сондай-ақ өндірістік шығындарды азайтуға ынталандыру болып табылады.

Тариф түзудің жаңа қағидаттарын енгізу, бәрінен бұрын, экономиканың " табиғи-монополиялық" секторларында реформалар жүргізуге байланысты. Табиғи монополиялар субъектілерін қайта құрылымдау бағдарламаларын әзірлеу табиғи монополиялар салаларының "кусырудың" және қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) қалған түрлерін бәсекелес секторға берудің қажетті шарты болып табылады. < * >

Табиғи монополия субъектісінің орташа мерзімді кезеңге арнап бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру жөніндегі міндеттемелерді қабылдауы шекті тарифтерді ұсыну шарты болып табылады. Бұдан басқа, шекті тарифтерді есептеу кезінде іске қосылған активтердің реттелетін базасына есептелген пайда ескерілетін болады.

Алғаш рет Еуропа Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ) Қарағанды қаласының энергокешеніне ("Қарағанды Пауэр" ЖШС) инвестициялық жобаны іске асыруға байланысты осы әдістемені қолдануды ұсынды.

Осы мақсаттарда ЕҚДБ консультанттарды - "Фронтье Экономикс" компаниясын тартты.

Бірқатар оң сәттеріне қарамастан, консультанттар ұсынған әдіснама бірқатар қолданылып жүрген заңнамаға қарама-қайшылықтарға ие және тұтынушылардың құқықтарын бұзады.

Көрсетілген әдіснаманың негізінде деңгейі 3 жыл бойы (орташа мерзімді кезең) өзгермейтін шекті (орташа есептелген) тарифке негізделген жаңа тариф түзу тұжырымдамасын әзірлеу ұсынылып отыр.

"Фронтье Экономикс" компаниясы ұсынған әдіснама бойынша тарифтер орташа мерзімді кезең аяқталғаннан кейін, мысалы, "Қарағанды Пауэр" С үшін 30%-ке артуы мүмкін, ал Агенттік жобасын іске асырған жағдайда тарифтің артуы тек 13% деңгейінде ғана қалыптасады және 3 жыл бойы тұрақты болады.

Мыналар:

шекті тарифті есептеу кезінде еліміздің дамуының макроэкономикалық көрсеткіштерінің ескерілетін болатыны;

табиғи монополиялар субъектілерінің өндіріс тиімділігін арттырудан алатын кірістерге дербес билік ету мүмкіндігін алатыны маңызды болып табылады.

Шекті тарифтерді енгізу кезінде құзыретті органдардың (салалық министрліктердің) нормативтерді, инвестициялық бағдарламаларды бекіту, реттеуші органның тарапынан инвестициялық бағдарламалардың іске асырылуын бақылау бөлігіндегі рөлі мен жауапкершілігі артады.

Бұдан басқа, осы әдісті қолдану табиғи монополиялар субъектілерін таңдаудың мынадай өлшемдеріне негізделуге тиіс:

субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің тұрлаулылығы;

нақты пайданың болуы;

көрсетілетін қызметтер көлемдерінің тұрлаулылығы;

бақыланатын дебиторлық берешек;

субъектінің активтеріне кепілдіктердің болмауы және ірі бақыланбайтын қарыздар;

компанияның қалыптасқан инвестициялық имиджі.

Осы әдіснамалық жолдар біздің елімізде қолданылған жоқ және тұтастай алғанда халықаралық практикада қолданылатын әдіснаманы қайталамайды. Сондықтан, 2003 жылдан бастап бірқатар салаларда тарифтерді жаңа әдістеме бойынша қалыптасыруға көшу болжанып отыр. Жаңа әдістемеге көшу туралы шешімді шаруашылық жүргізуші субъектілер тек жоғарыда көрсетілген өлшемдерге сәйкес келген жағдайда және уәкілетті органның шешімі бойынша қабылдайтын болады.

Сөйтіп, теңіз портының қызметтеріне шекті тарифтер есептеу әдістемесін енгізу Қазақстан Республикасының Үкіметі "Теңізде жүзу саудасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес теңіз портының міндетті қызметтерінің тізбесін айқындағаннан кейін жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Шекті тарифтерді енгізу мыналарды айқындайтын нормативтік құқықтық кесімдерді қамтитын тиісті нормативтік негізде жүзеге асырылуға тиіс:

табиғи монополиялар субъектілерінің іске қосылған активтерінің реттелетін базасына пайда ставкасын және оларды белгілеу тәртібін есептеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды)

өндіруімен ұсынуына орташа мерзімді кезеңге арналған негізде шекті тарифтерді есептеу тәртібі;

орташа мерзімді негізде шекті тарифтерді енгізу және тарифтердің шекті деңгейлері белгіленген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылауды жүзеге асыру тәртібі.

Көрсетілген нормативтік құжаттарды әзірлеу 2002 жылдың соңына дейін, кейіннен 2003 жылдан бастап шекті тарифтерді енгізе отырып, аяқтау болжанып отыр.

Шекті тарифтерді қолданудың бірінші жобаларын іске асырғаннан кейін агенттік табиғи монополияларды реттеу практикасына, әсіресе су шаруашылығы жүйесі мен электр энергетикасының, көлік-телекоммуникация секторының субъектілері үшін шекті тарифтерді кеңінен тарату арқылы тарифтік саясатты одан ары жетілдіруді жалғастырады.

**2) ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНІҢ МОНИТОРИНГІ**

Жоғарыда көрсетілген тариф түзу әдіснамаларын іске асырудың негізі толық ауқымды техникалық және қаржылық сараптама жүргізу, қызметтердің түрлері бойынша өзіндік құнды айқындау, табиғи монополиялар саласына жатқызылған қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуі табиғи монополиялар субъектілері жай-күйінің мониторингі болуға тиіс. <*>

Табиғи монополиялар субъектілері мен олардың қызметтерін тұтынушылардың жай-күйін оларға қатысты қабылданатын шешімдерді негіздеу үшін шұғыл түрде қадағалау жүйесін дұрыс жолға қою қажет.

Реттеуші органның көзқарасы тұрғысында табиғи монополиялар субъектілеріне мониторингті мынадай бағыттарда ұйымдастыру қажет:

әр субъектінің негізгі қаражатының жай-күйінің мониторингі;

көрсетілетін қызметтер көлемінің мониторингі;

шығыстар мен кірістердің мониторингі;

қызметтерді тұтынушылардың мониторингі.

Осы мақсаттар үшін көрсетілген бағыттарда табиғи монополиялар субъектілерінің жай-күйін модельдеудің тиісті құралдарын және қажетті статистикалық нысандарды әзірлеу қажет.

Жиналатын ақпараттың үлкен көлеміне және шұғыл талдаудың қажеттігіне орай деректердің автоматтандырылған дерекқорын құру талап етіледі (2004 жылғы 4-тоқсан). Табиғи монополиялар субъектілері жай-күйінің нәтижелері субъектінің өзінің жай-күйін сапалы талдау, ұсынылатын инвестициялық бағдарламалардың негізділігін бақылау, қызметтердің көлемін, тарифтердің деңгейін болжау тарифтердің

тұтынушылардың жай-күйіне әсерін талдау үшін пайдаланылатын болады.

Ескерту. 2)-тармақшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен .

**3) ТАРИФТЕРДІ ӨЗГЕРТУДІҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ БАСҚА САЛАЛАРЫНА ЖӘНЕ ХАЛЫҚҚА ӘСЕРІН ТАЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫН ӘЗІРЛЕУ**

Табиғи монополиялар субъектілерін талдау мен олардың қызметтерін тұтынушыларды талдау сұраным көлемдерінің тарифтердің деңгейіне тәуелділігі тұрғысында салалардың өзара әсер дәрежесін бағалау мен тарифтердің теңгерімді деңгейін негіздеу міндеттеріне жүйелі көзқарастың қажет екендігіне әкеледі.

Табиғи монополиялардың қызметтеріне тарифтер деңгейлерінің экономиканың басқа салаларына қатысушылардың жай-күйіне өзара әсерін бағалаудың неғұрлым тез жолы, тұтастай алғанда, экономиканың мүдделері тұрғысында салалар арасындағы теңгерімінің мүмкін бұзылуы туралы білдіретін макро- және микродеңгейге индикаторлар жүйесін айқындауға негізделген.

Бұл үшін, бірінші кезекте, табиғи монополиялар саласына тікелей қатысушылардың дамуының жай-күйі мен серпінін сипаттайтын микродеңгейлі индикаторларды әзірлеу қажет.

Мысалы, табиғи монополия субъектілерінің жай-күйі мен даму серпінен сипаттайтын индикаторларға:

көрсетілген қызметтердің (жұмыстардың) негізгі өндірістік көрсеткіштерін;

негізгі құралдар жай-күйінің көрсеткіштерін (тозу дәрежесін, жаңарту коэффициенттерін, жою коэффициенттерін, қуаттардың тиелу деңгейін және басқаларды) кірістіліктің қаржылық көрсеткіштерін (пайданы, шығарылатын өнімдер мен қызметтердің пайдалылығын, активтердің пайдалылығын, меншікті капиталдың пайдалылығын және басқаларды);

инвестициялық белсенділіктің көрсеткіштерін (негізгі және айналым капиталына инвестициялардың көлемін, инвестицияларды қаржыландырудың көздерін) жатқызуға болады.

Табиғи монополиялардың өнімдері мен қызметтерін тұтынушылардың жай-күйін көрсететін индикаторларға мыналарды жатқызуға болады:

жеке тұлғалар (халық) үшін: аймақтар бойынша халық табысының деңгейін; халықтың сатып алу қабілетінің бағасын; табиғи монополиялардың қызметтеріне жұмсалатын шығыстардың халықтың жалпы тұтыну шығыстарындағы үлесін;

заңды тұлғалар (кәсіпорындар мен ұйымдар) үшін: кәсіпорындар кірістілігінің көрсеткіштерін; табиғи монополиялардың қызметтеріне жұмсалатын шығыстардың шығындардың жалпы құрылымындағы үлесін жатқызуға болады.

Бір саладағы тарифтердің өзгеруінің басқа сала субъектілерінің қаржы-экономикалық жай-күйіне әсерін бағалау экономиканың дамуындағы

макроэкономикалық теңгерімді қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда мемлекет үшін үлкен мәнге ие.

Қаралып отырған проблеманың теорияға да, практикаға да қатысты үлкен күрделілігі мен ауқымдылығы, көптеген сыртқы және ішкі факторлардың әсерін ескеру қажеттігі қазіргі заманғы экономика және математика ғылымының құралдары арқылы зерттеудің кешенді сандық әдістерін бір саланың шегінде де әзірлеуді мүмкін етпей отыр. Қазіргі модельдер мен әдістер негізінен әртүрлі макроэкономикалық көрсеткіштерді қарастырады, салалардың өзара әсер ету дәрежесіне кейбір сапалы бағаларына сүйенеді және салалардың тепе-теңдігіне әсер ететін бір немесе екі басты фактор ескеріледі. Осындай модельдерді шешу негізінде алынған қорытындылар сапалы сипатқа ие, өйткені модельде ескерілмеген факторлардың әсері басты факторлардың әсерімен салыстырылуы мүмкін.

Табиғи монополиялар тарифтері деңгейлерінің салалардың жай-күйіне өзара әсерін макроэкономикалық талдау әдістемесін әзірлеу қажет. Бұл әдістеменің шұғыл талдау үшін қолданудың ай сайынғы немесе тоқсан сайынғы аралық мерзімі болуы тиіс.

Индикаторлар арасындағы өзара байланыстарды зерттеу салалардың тарифтік жүйесінің басқа салалардың қаржы-экономикалық мүмкіндіктеріне өзара әсері туралы жорамалдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте индикаторлардың бір-біріне әсер етуін зерделеудің тиісті әдістерін әзірлеу қажет.

Сондай-ақ тарифтердің өзгеруінің халықтың жағдайына әсер ету салдарларын бағалау қажет. Бұл үшін аймақтар бойынша халық табысының деңгейі мен тұтыну шығыстарының құрылымын талдау қажет. Табиғи монополиялардың қызметтеріне жұмсалатын шығыстардың халықтың жалпы тұтыну шығыстарындағы үлесін бағалау керек. Одан ары осы шаманың тариф шамасы өзгерген кезде қалай өзгеретінін байқау қажет. Сонымен қатар халықтың тарифтің өзгергеніне қалай қарайтынын (ұсынылатын қызметтерді тұтыну көлемдерінің өзгеруі мағынасында) бағалауға, яғни табиғи монополиялардың қызметтеріне сұраным икемділігінің коэффициенттерін бағалауға болады. Осы коэффициенттерді ескере отырып, тарифтік саясатты айқындау қажет.

Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін реттеуші орган Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігімен және басқа да құзыретті (салалық ) министрліктермен бірлесіп, ғылыми-зерттеу институттарын тарта отырып, табиғи монополиялар субъектілері мен олардың қызметтерін тұтынушылардың жай-күйі индикаторларының жүйесін (2003 жылдан бастап) әзірлеу қажет.

## 6. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР МЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ

Ескерту. 6-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен .

2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламаның құны 992,188 млн. теңге мөлшерінде бағаланады. Қаржыландыру тек республикалық бюджет қаражатынан жүргізілетін

болады.

2002 жылы нормативтік құқықтық базаны әзірлеуге және жетілдіруге консультанттар тартуға республикалық бюджеттен 17,1 млн. теңге сомасында қаражат бөлінді.

Бағдарлама 2003-2004 жылдары 975,088 млн. теңге мөлшеріндегі, оның ішінде 2003 жылы 435,362 млн. теңге мөлшеріндегі, ал 2004 жылы - 539,726 млн. теңге шығындарды талап етеді.<*>

**3-кесте**

Ескерту. 3-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен .

**Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2003 - 2004 жылдарға арналған бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін қажетті ресурстар**

(млн. теңге)

| Іс-шаралар | 2003 ж. | 2004 ж. | Жиыны: |
|---|---|---|---|
| Нормативтік құқықтық базаны әзірлеуге және жетілдіруге консультанттар тарту, оның ішінде: | 85,362 | 135,362 | 220,724 |
| табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін | 85,362 | 100 | 185,362 |
| белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие субъектілердің қызметін реттейтін | - | 35,362 | 35,362 |
| Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне қаржылық және техникалық сараптама жүргізу | 350 | 220 | 570 |
| Тауар рыноктарына талдау жүргізу | - | 80 | 80 |
| Монополистер қызметінің мониторингі бойынша электрондық дерекқор жасау (1-ші кезең) | 0 | 104,364 | 104,364 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Барлығы: | 435,362 | 539,726 | 975,088 |

### 7. Күтілетін нәтижелер

Тарифтік саясатты жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру нәтижесінде:

табиғи монополист кәсіпорындар қызметтеріне тарифтерді өзгертудің 2002-2004 жылдарға арналған индикативтік болжамы кестеге сай келеді.

**4-кесте**

Ескерту. 4-кестеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен.

### Табиғи монополист кәсіпорындардың өнімі мен қызметтеріне тарифтерді өзгертудің 2002-2004 жылдарға арналған индикативтік болжамы

| Мемлекеттік реттеуіштер | 2002 ж. желтоқсан 2001 ж. желтоқсанға қарағанда, %, болжам | 2003 ж. желтоқсан 2002 ж. желтоқсанға қарағанда, %, болжам | 2004 ж. желтоқсан 2003 ж. желтоқсанға қарағанда, %, болжам |
|---|---|---|---|
| Бөлуші электр желісі компаниялары беретін электр энергиясы | 108,6 | 103,1 | 104,5 |
| Магистральды желілер арқылы электр энергиясын тасымалдау | 103,0 | 106,0 | 107,0 |
| Табиғи газды тасымалдау: | | | |
| Магистральды құбыр желілері арқылы | 100,0 | 100,0 | 100,0 |
| Бөлуші құбыр желілері арқылы | 110,4 | 105,4 | 103,8 |
| Мұнайды магистральды құбыр желілері арқылы тасымалдау** | 100 | 100,0 | 100,0 |
| Жылу энергиясы | 11,3 | 103,8 | 104,2 |
| Ауыз суды беру және | 113,1 | 107,1 | 109,3 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ағынды суды бұру | 102 | 106,9 | 107,9 |
| Шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін жүктерді республика ішінде темір жол көлігімен тасымалдау | 104,1 | 105,9 | 105,8 |
| Темір жол көлігімен жолаушыларды тасымалдау | 105,8 | 105,7 | 105,4 |
| Байланыс қызметтері: | | | |
| Шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін | 104 | 103 | 103 |
| халық үшін | 105 | 105,9 | 105,8 |
| Почта байланысының жалпыға қол жетімді қызметтері | 105,5 | 102 | 102 |

Ескерту: ** "ҚазТрансОйл" ЖАҚ үшін тасымалдау тарифін есептеу әдістемесінің өзгеруіне байланысты

тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

табиғи монополиялар саласындағы экономиканы мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіретін әдіснамалық жолдарды әзірлеу;

табиғи монополиялар субъектілерінің өндірісін жаңартуды инвестициялау үшін жағдайлармен қамтамасыз ету;

өндірісті жаңғырту және нормативтен жоғары ысырапты азайту есебінен ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру;

табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтері өзгеруінің олардың тұтынушыларына әсерін талдауға мүмкіндік беретін әдістемелер мен бағдарламалық өнімдерді әзірлеу;

табиғи монополиялар қызметінің саласының мониторингі жүйесін құру;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне тарифтерді тұтынушылардың топтары бойынша негізсіз саралауды жою.

**8. Бағдарламаның іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Ескерту. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.03.18. N 337 қаулысымен .

Ескерту. 8-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 914 қаулысымен .

| Р/с N | Іс-шара | Аяқталу нысаны | Орындалуына (іске асыры.луына) жауаптылар | Орындалу (іске асырылу) мерзім.дері | Бол. отыр.ған шығ.ыстар | Қаржы.ландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | **2002 жыл** | | |
| 1 | Активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу жөніндегі әдістеме. ні және оларды табиғи моно. полиялар субъектілері үшін белгілеу тәртібін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМРБҚА, ЭМРМ, ККМ | 2002 ж. 4-тоқсан | 1,5 | Респуб. бюджет |
| 2 | Орташа мерзімді негіздегі тарифтердің шекті деңгей. лерін есептеу тәртібін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМРБҚА, ЭМРМ, ККМ | 2002 ж. 4-тоқсан | 1,5 | Респуб. бюджет |
| 3 | Шығыстарды тасымалдаудың түрлеріне бөлу және жүктер. ді темір жолмен тасымалдау. дың өзіндік құнын айқындау әдістемесін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМРБҚА, ККМ | 2002 ж. 4-тоқсан | 4 | Респуб. бюджет |
| 4 | Жолаушыларды темір жолмен тасымалдаудың өзіндік құнын есептеу әдістемесін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМРБҚА, ККМ | 2002 ж. 4-тоқсан | 1,5 | Респуб. бюджет |
| 5 | Қазақстан Республикасы әуежайларындағы жерде | ТМРБҚА бұйрығы | ТМРБҚА, ККМ | 2002 ж. 4-тоқсан | 2,0 | Респуб. бюджет |

көрсетілетін қызметтер үшін
әуежайлық алымдар мен тариф.
терді есептеу әдістемесін
әзірлеу

---

6 Жылуэлектр станцияларында ТМРБҚА ТМРБҚА, 2002 ж. 2,0 Респуб.
жылу мен электр энергиясын бұйрығы ККМ 4-тоқсан бюджет
өндіру арасындағы шығындарды
бөлу жөнінде әдістеме
әзірлеу

---

7 Телекоммуникациялар қыз. ТМРБҚА ТМРБҚА, 2002 ж. 1,5 Респуб.
меттерінің негізгі шығын. бұйрығы ККМ 4-тоқсан бюджет
дарын бөлу және өзіндік
құнын айқындау жөнінде
әдістеме әзірлеу

---

8 Өндірістік мұқтаждар үшін ТМРБҚА ТМРБҚА, 2002 ж. 1,2 Респуб.
тендерлік негізде Табиғи бұйрығы Сатып алу 4-тоқсан бюджет
монополиялар субъектілері. жөніндегі
нің материалдық және қаржы. агенттік
лық ресурстар, жабдықтар
сатып алуын жүргізу ережесін
әзірлеу

---

9 Қазақстан Республикасының ТМРБҚА ТМРБҚА 2002 ж. 1,9 Респуб.
монополияға қарсы заңнаманы бұйрығы 4-тоқсан бюджет
бұзғаны үшін Монополияға
ден қою шараларын қолдану
ережесін әзірлеу

---

10 Табиғи монополиялар субъек. ТМРБҚА ТМРБҚА 2002 ж. жоқ жоқ
тілерінің инвестициялық бұйрығы 4-тоқсан
бағдарламаларын қарау және
келісу ережесін әзірлеу

---

**2003 жыл**

---

11 Халықаралық темір жолмен Норматив. ККМ 2003 ж. жоқ жоқ

жолаушылар қатынасы туралы тік 1-тоқсан
келісімге (ХЖҚК) қосылу құқықтық
жөнінде құжаттар дайындау кесімнің
жобасы

---

12 Халықаралық темір жолмен Норматив. ККМ 2003 ж. жоқ жоқ
жүк қатынасы туралы келі. тік 1-тоқсан
сімге (ХЖҚК) қосылу құқықтық
жөнінде құжаттар дайындау кесімнің
жобасы

---

13 Республикалық және халық. ТМРБҚА ТМБРҚА, 2003 ж. 5 Респуб.
аралық қатынастардағы бұйрығы ККМ 4-тоқсан бюджет
жүктерді темір жолмен
тасымалдау тарифтерін
есептеу әдістемесін әзірлеу
және Прейскурантын жасау
(1-кезең)

---

14 Жүктерді темір жол көлігі ТМРБҚА ТМБРҚА, 2003 ж. 7 Респуб.
мен тасымалдауға байланысты бұйрығы ККМ 4-тоқсан бюджет
шығындарды бөлу және қосым.
ша операциялардың өзіндік
құнын айқындау әдістемесін
әзірлеу

---

15 Кірме жолдар қызметтерінің ТМРБҚА ТМБРҚА, 2003 ж. 3 Респуб.
өзіндік құнын айқындау бұйрығы ККМ 2-тоқсан бюджет
әдістемесін әзірлеу

---

16 Аэронавигация қызметтерінің ТМРБҚА ТМБРҚА, 2003 ж. 4 Респуб.
шығындарын бөлу және өзін. бұйрығы ККМ 4-тоқсан бюджет
дік құнын айқындау
әдістемесін әзірлеу

---

17 Теңіз порты орындайтын жұ. ТМРБҚА ТМБРҚА, 2003 ж. 9,1 Респуб.
мыстар мен қызметтер үшін бұйрығы ККМ 4-тоқсан бюджет
алымдар мен төлемдер
ставкаларын есептеу жөнінде

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | әдістеме әзірлеу | | | | | |
| 18 | Жерде көрсетілетін қызмет үшін әуежайлық алымдар мен тарифтерге төмендету коэффициентінің деңгейін айқындау жөнінде әдістеме әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ККМ | 2003 ж. 4-тоқсан | 2 | Респуб. бюджет |
| 19 | Теңіз порттары орындайтын қызметтерге алымдар ставкаларына төмендету коэффициентінің деңгейін айқындау жөнінде әдістеме әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ККМ | 2003 ж. 4-тоқсан | 3 | Респуб. бюджет |
| 20 | Почта байланысы саласындағы шығындарды бөлу, қызметтердің өзіндік құнын айқындау және тарифтер есептеу жөнінде әдістеме әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ККМ | 2003 ж. 4-тоқсан | 8 | Респуб. бюджет |
| 21 | Жылу таратушы өлшемдер бойынша жылу энергиясын өндіру кезіндегі шығындарды бөлу әдістемесін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ЭМРМ | 2003 ж. 4-тоқсан | 6,1 | Респуб. бюджет |
| 22 | Кернеу сыныптары бойынша аймақтық деңгей желілері арқылы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге тарифтер есептеу әдістемесін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ЭМРМ | 2003 ж. 4-тоқсан | 13,1 | Респуб. бюджет |
| 23 | Бөлуші құбыр желілері арқылы табиғи газды тасымалдау жөніндегі қызметтерге тарифтер есептеу әдістемесін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ЭМРМ | 2003 ж. 4-тоқсан | 11 | Респуб. бюджет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 24 | Бөлуші құбыр желілері арқылы суды тасымалдау жөніндегі қызметтерге тарифтер есептеу әдістемесін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ККМ | 2003 ж. 4-тоқсан | 11 | Республикалық бюджет |
| 25 | Монополияға қарсы заңнаманы жүйелендіруді жүргізу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ҚарМ | 2003 ж. 4-тоқсан | 3 | Республикалық бюджет |
| 26 | Табиғи монополиялар субъектілеріне қаржылық және техникалық сараптама жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | ТМБРҚА, ККМ, ЭМРМ | 2003 ж. 4-тоқсан | 350 | Республикалық бюджет |
| 27 | Табиғи монополиялар субъектілерінің мүлкін иеліктен шығаруды келісу ережесін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ҚарМ | 2003 ж. 4-тоқсан | жоқ | жоқ |
| 28 | Табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру мен таратуды монополияға қарсы органмен келісу нұсқаулығын әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ҚарМ | 2003 ж. 4-тоқсан | жоқ | жоқ |
| 29 | Уақытша өтемдік тариф белгілеу ережесін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА | 2003 ж. 4-тоқсан | жоқ | жоқ |
| 30 | Табиғи монополиялар субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметінің аудиторлық есептеріне қойылатын талаптардың тізбесін әзірлеу | ТМРБҚА бұйрығы | ТМБРҚА, ҚарМ | 2003 ж. 4-тоқсан | жоқ | жоқ |
| 31 | Тарифтерді бекіту кезінде жария тыңдалымдар өткізу тәртібін әзірлеу | Нормативтік құқықтық | ТМБРҚА, облыстардың, Астана | 2003 ж. 4-тоқсан | жоқ | жоқ |

кесімнің және Алматы
жобасы қалаларының
әкімдері

---

32 Табиғи монополиялар субъек. Норматив. ТМБРҚА 2003 ж. жоқ жоқ
тілерінің қызметтер көр. тік 3-тоқсан
сетуі туралы үлгі жария құқықтық
шарт әзірлеу кесімнің
жобасы

---

**2004 жыл**

---

33 Табиғи монополия ТМРА ТМРА 2004 ж. жоқ жоқ
саласына жатқызылған бұйрығы ККМ 1-тоқс.
аэронавигация
қызметтеріне арналған
тарифтерге уақытша
төмендету
коэффициентінің
деңгейін есептеу
әдістемесін әзірлеу

34 Байланыс ТМРА ТМРА 2004 ж. 4 Респуб.
операторларының бұйрығы АБА 4-тоқс. бюджет
трафикті қосуға және
өткізуге тарифтер
есептеу әдістемесін
әзірлеу

35 Табиғи монополия ТМРА ТМРА 2004 ж. жоқ жоқ
саласына жатқызылған бұйрығы ККМ 1-тоқс.
телекоммуникациялар
қызметтеріне арнал.
ған тарифтерге
уақытша төмендету
коэффициенттерін
белгілеу және алып
тастау ережесін
әзірлеу

36 Табиғи монополия ТМРА ТМРА 2004 ж. жоқ жоқ
субъектілерінің бұйрығы 1-тоқс.

қызметіне қаржылық
сараптама жүргізу
және оған талап қою
ережесін әзірлеу
37 Табиғи монополия ТМРА ТМРА 2004 ж. 5 Респуб.
субъектілерінің бұйрығы 2-тоқс. бюджет
қызметіне техникалық
сараптама жүргізу
және оған талап қою
ережесін әзірлеу
38 Мемлекеттік реттеуге ТМРА ТМРА 2004 ж. 5 Респуб.
жататын әуежайлар бұйрығы ККМ 2-тоқс. бюджет
мен аэронавигация
қызметтеріне арнал.
ған тарифтерге
уақытша төмендету
коэффициенттерін
өздігінен қолдану
тәртібін әзірлеу
39 Табиғи монополия ТМРА ТМРА 2004 ж. жоқ жоқ
саласына жатқызылған бұйрығы ККМ 2-тоқс.
телекоммуникациялар
қызметтеріне арнал.
ған тарифтерге
уақытша төмендету
коэффициентінің
деңгейін есептеу
әдістемесін әзірлеу
40 Реактивті қуат үшін ТМРА ТМРА 2004 ж. 3 Респуб.
ақы есептеу әдістеме. бұйрығы ЭМРМ 4-тоқс. бюджет
сін әзірлеу

41 Электр энергиясы ТМРА ТМРА 2004 ж. 4 Респуб.
рыногында оның бұйрығы ЭМРМ 4-тоқс. бюджет
бәсекелестік
қабілетін қолдау
мақсатында жылу
және электр
энергиясын аралас

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | шығару кезінде табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді бөлу әдістемесін әзірлеу | | | | | |
| 42 | Газ сақтау жөніндегі қызметтерге тарифтер есептеудің әдістеме. сін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА ЭМРМ | 2004 ж. 4-тоқс. | 3 | Респуб. бюджет |
| 43 | Сумен жабдықтау жүйелеріндегі нормативтік техника. лық ысырапты есептеу әдістемесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 3-тоқс. | 3 | Респуб. бюджет |
| 44 | Республиканың тауар рыноктарындағы бәсекелестік жағдайына талдау, бағалау жүргізу және тауар рыногын. дағы бір немесе бірнеше рынок субъектілерінің үстем (монополиялық) жағдайын белгілеу жөнінде нұсқаулық әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | 8,8 | Респуб. бюджет |
| 45 | Республиканың рыноктарында келісіл. ген іс-әрекеттерді белгілеу жөнінде әдістеме әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | 8,8 | Респуб. бюджет |
| 46 | Монополиялық жоғары және монополиялық төмен бағаны айқын. дау жөнінде әдістеме әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | 8,8 | Респуб. бюджет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 47 | Рынок субъектілері мен олардың бірлес. тіктерінің құрылуын, қайта ұйымдастыры. луын, таратылуын, рынок субъектілері. нің жарғылық капиталындағы акцияларды (үлестерді, пайларды) сатып алу кезінде монополияға қарсы заңнаманың сақталуын және өзге жағдай. ларда бақылауды жүзеге асыру жөнінде әдістеме әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | 8,8 | Респуб. бюджет |
| 48 | Әуежайлар саласында қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар. ды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА ККМ | 2004 ж. 3-тоқс. | 8 | Респуб. бюджет |
| 49 | Аэронавигация қызметтерін көрсете. тін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар. ды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 3-тоқс. | 8 | Респуб. бюджет |
| 50 | Табиғи монополия саласына жатқызылған телекоммуникациялар | ТМРА бұйрығы | ТМРА ККМ | 2004 ж. 3-тоқс. | жоқ | жоқ |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қызметтеріне іске қосылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасын есептеу жөнінде нұсқаулық әзірлеу | | | | | |
| 51 | Газ тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығын. дарды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 3-тоқс. | 8 | Респуб. бюджет |
| 52 | Су тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъекті. лерінің табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 3-тоқс. | 8 | Респуб. бюджет |
| 53 | Электр энергиясын өңіраралық деңгейдегі және т.б. желілер арқылы беру жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар. ды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 3-тоқс. | 8 | Респуб. бюджет |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 54 | Магистралдық темір жол желісінің қызмет. теріне тарифтер есептеу әдістемесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | 20 | Респуб. бюджет |
| 55 | Аэронавигация қызмет. терін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне тарифтер есептеу әдістемесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | жоқ | жоқ |
| 56 | Табиғи монополия саласына жатқызылған телекоммуникациялар қызметтеріне тарифтер есептеу әдістемесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | 6 | Респуб. бюджет |
| 57 | Электр энергиясын өңіраралық деңгейдегі желілер арқылы беру жөніндегі қызметтерге тариф есептеу әдістемесін әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА ЭМРМ | 2004 ж. 4-тоқс. | 8 | Респуб. бюджет |
| 58 | Табиғи монополия субъектісі қызметі. нің оның қызметтерін (тауарларын, жұмыс. тарын) тұтынушыларға әсерін бағалау жөнінде әдістеме әзірлеу | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | 4 | Респуб. бюджет |
| 59 | Табиғи монополия субъектілерінің қызметіне қаржылық және техникалық сараптама жүргізу | Қазақстан Республи. касының Үкіметіне есеп | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | 4 | Респуб. бюджет |
| 60 | Монополистер қызметінің монито. | ТМРА бұйрығы | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. | 104, 364 | Респуб. бюджет |

р и н г   б о й ы н ш а
электрондық дереккөр
жасау (1-ші кезең)

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 61 | Тауар рыноктарына талдау жүргізу | Қазақстан Республи. | ТМРА | 2004 ж. 4-тоқс. Үкіметіне есеп | 80 Респуб. бюджет қасының |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК